

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының
2007 жылғы 15 мамырдағы N 308 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 18 қарашадағы N 900 Бұйрығы

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 186-бабының 2-тармағының б) тармақшасы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабы негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Ауыз судың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 308 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4735 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2007 жылы 20 шілде, N 110 (1313) жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) бір аптаның ішінде осы бұйрықтың көшірмесін коса бере отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және ол бұрын жарияланған ресми баспа басылымына хабарласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері К.С. О с п а н о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық кол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Қайырбекова